

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 шілде N 767

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Инфракос" республикалық мемлекеттік кәсіпорны теңгерімінде орналасқан "Байқоңыр" кешенінің 20-алаңындағы ғимараттар емдеу мекемесін ұйымдастыру үшін республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар

министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қызылорда облысының әкімімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген ғимараттарды қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 12 шілдедегі
N 767 қаулысына
қосымша

Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілетін
"Байқоңыр" кешенінің 20-алаңы ғимараттарының
тізбесі

Р/с N	Құрылыс шифры	Құрылыстары атауы берілген жылы	Пайдалануға
1.	В 20-20	БӨП 1983	
2.	В 10529-29	келушілер бөлмесі 1990	
3.	В 10529-24	солдат дүкені 1990	

4.	BP 1700	кірпіш монша	1990
5.	BK 529-27	бетонды модуль	1990
6.	-	екі қабатты казарма	-
7.	-	екі қабатты казарма	-
8.	-	екі қабатты казармаға жапсырма құрылыс	-

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.